# ЖЕРЛЕСІМІЗГЕ ЛАЙЫҚТЫ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

**Жуырда жерлесіміз, Қазақ радиосының санду - ғашы атанған Сауық Жақанованың 80 жас мерейтойына орай Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрында «Сауық па, Сандуғаш па таңда оятқан...» атты шығар - машылық кеші өтті.**

Ауданымыздың мақта - нышы, дүйім қазақ еліне қадірлі Жақанова Сауық Мәсіғұтқызы 1945 жылы 11 ақпанда ауданымызға қарасты Еркіндік ауылында дүниеге кел - ген. Диктор, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген әртісі, «Құрмет белгісі» орденінің иегері. Қазақ радиосының «Ал - тын қорындағы» әдеби - сазды хабарлардың 80 пайызы Сауық апамыз - дың даусымен жазыл - ған. Кезінде «Қазақтың Левитаны» атанған Ән - уарбек Байжанбаев оны «эфирдің Ақбаяны» деп атаған.

Сонау 70 - 80 - ші жылда- ры қабырғада ілініп тұрған радиодан «Әуе толқынын - да - қазақ радиосы», «Ал - матыдан сөйлеп тұрмыз» деген қоңыр үн көпшіліктің есінде шығар. Сол радио - дан таңнан кешке дейін Сауық апамыздың дауы -







сымен хабар тарап жату - шы еді.

Жерлесімізді құттықтау үшін арнайы барған аудан әкімінің орынбасары Дәу- рен Кәрсенбаев, аудандық мәдениет, тілдерді дамы- ту, спорт және денешы- нықтыру бөлімінің басшы- сы Асхат Ахметов, аудан- дық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Өміргали Қызы- лов, Аналар кеңесінің төрайымы Гүлшара Қами - қызы аудан әкімі М.Мұхта - ровтың құттықтау сәлемін жеткізіп, сый - сияпаттарын жасады. Сондай - ақ, аудан - дық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ө. Қызылов Сауық апамызға Шет ауданының Құрметті ар- дагері атағын табыс етті.

**М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.**